

8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Саруаров Ерболат Ғалымжанұлының «Түркістан қаласы тұрғындарының жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бойынша қауіптілік көрсеткішіне байланысты өмір сүру сапасының бағалану деңгейі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту қажет)	Ресми рецензент ұстанымының негізделуі
1	Диссертация тақырыбының (бекітілген күнге) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауы көрсетілсін);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету).</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің тақырыбы ғылымды дамытудың "Өмір және денсаулық туралы ғылым" басым бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Негізгі ғылыми зерттеу жұмысы 2019-2022 жж. аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Клиника-диагностикалық базасында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, бұл ғылыми зерттеу ізденісі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Клиника-диагностикалық орталығында 10 жыл бұрын орындалған (2012-2014 жж аралығында) мемлекеттік тіркеу №0112РК00154, шифрі Г-2012 болып табылатын гранттық жоба негізінде қайта жаңғыртылып, толықтырулар енгізілген.</p>
2	Ғылым үшін маңызы	Жұмыс келесі айтарлықтай үлес <u>қосады</u> /қоспайды және оның маңыздылығы және оның маңыздылығы <u>жақсы ашылған</u> /ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысы барысында диссертант алғаш рет, өмір сүру сапасын анықтаушы SF-36 (Қысқа үлгі-36) сауалнамасының қазақша нұсқасын сенімділіктен (валидизациядан) өткізіп, оны қазақ популяциясы үшін бейімдеуі - осы бағытта жүргізілетін ғылыми жұмыстардың қарқынды дамуына үлес қосатыны сөзсіз.</p> <p>Кардиоваскулярлы жүйенің патологияларына алып келуші қауіп факторларына байланысты қауіптілік көрсеткішін анықтаушы шкалалардың диагностикалық құндылығына баға беріп, олардың диабеттік статустың ерекшеліктеріне байланысты кластеризациялануы мен өмір сүру сапасының арасындағы байланыстың алғаш рет зерттелуі басты жаңалығы болып табылады. Диссертация</p>

			авторы жұмыс барысында қойылған міндеттерге сәйкес алынған ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын негізгі ережелерді толық орындады.
3	Дербестік принципі	Дербестік деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) дербестілік жоқ.	Диссертация авторы академиялық адалдық құндылықтарын және академиялық адалдық принциптерін толық ұстанған. Жұмысты орындау барысында диссертант ғылыми зерттеуді өзі ұйымдастырып, ғылыми жұмыстың әр қадамын іске асырып отырғанын талданған мәліметтерден байқауға болады. Ғылыми жұмыс шеңберінде диссертант өз бетінше зерттеу материалдарын жинаған, автор өз бетінше мәліметтер қорын, статистикалық талдауын жан-жақты жасаған, зерттеу нәтижелерін және оларды талқылап, қорытынды жасай отырып, тұжырымдар және тәжірибелік ұсыныстарды анық берген.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: <b>1) негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципі сақталынған, яғни мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер тақырыпты толық ашады. Алынған нәтижелер логикалық негізделген, қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының өзектілігі бойынша әдебиеттерге шолу, мақсаты, міндеттері мен бағдарламасын құрастыру және ұйымдастыру, жүзеге асыру барысында сауалнамалар жүргізу, жинақталған нәтижелерді статистикалық өңдеу, алынған мәліметтердің қорытындыларына сүйене отырып, талдау, тұжырымдар және ұсыныстар дайындаған. Диссертация авторы тақырыптың өзектілігін айтарлықтай жоғары деңгейде ашып отыр және ол диссертациялық жұмыста анық және дәлелді негізделген. Диссертация өзектілігін шетелдік, ресейлік, жергілікті ғалымдардың ұсынған ғылыми еңбектері негізінде тұжырымдай отырып, сонымен қатар Халықаралық денсаулық

			ұйымының және басқа да маңызды бірлестіктердің ұсыныстарына толық тоқталып отыр.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <b>1) айқындайды;</b> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Ғылыми жұмыс шеңберінде диссертант зерттеу материалдарын толық жинаған және зерттеу нәтижелерін тұжырымдай отырып теориялық, нақтырақ клиникалық және әлеуметтік маңызы бар құнды қорытындылар жасаған. Саруаров Ерболаттың диссертациялық жұмысы жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіптілік дәрежесі мәселесінің өзектілігін қамтитын кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан, ұсыныстар мен пайдаланылған әдебиеттер тізіміне қойылатын талаптарға сәйкес екенін ашып көрсетеді.
		4.3 Мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсатына орай, негізгі 4 міндеттерінен тұрады. Әрбір міндет дәйекті және логикалық түрде зерттеу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты: <b>1) толығымен байланысқан;</b> 2) ішінара өзара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеу көлемі жұмыстың өзіндік нәтижелерін, тұжырымдарын, қорытындыларын және ұсыныстарын қамтитын бөлімдерде дәйекті түрде сипатталған мәселелерді шешумен тығыз байланысты. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысты және ішкі бірлікпен сипатталады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Әрбір нәтиженің негізділігі мен сенімділік дәрежесі таңдалған тақырыптың өзектілігімен, мақсаттың ойластырылғандығымен, алға қойылған мақсаттар мен шешілген мәселелердің сәйкестілігімен қамтамасыз етіледі; диссертация бойынша алынған ғылыми нәтижелер нақтыланған және тұжырымдарға негізделеді.
5	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b>	Алынған нәтижелер түпнұсқа болып табылады. Диссертацияның мазмұнын талдау олардың ғылыми

	принципі	<p>2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</p>	<p>негізділігі мен жаңалығын растайды, бұл оларды ғылымға маңызды үлес деп санауға мүмкіндік береді. Ұсынылған нәтижелердің сенімділігі алынған мәліметтерді статистикалық өңдеудің заманауи әдістерін қолданумен расталады. Осылайша, алынған нәтижелер негізделген және ғылыми жаңалығы жағынан күмән келтірмейді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның тұжырымдары жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс нақты тұжырымдалған және әрбір ұсынылған тұжырым жаңалығы айқын.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады: <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</p>	<p>1. №20460 24.09.2021 ж. «Оценка валидности и надежности казахской версии SF-36 для оценки качества жизни населения казахстана» атты авторлық құқық куәлігі алынды. 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда – 3 мақала; Web of Science немес Scopus компаниясының мәліметтер базасына енген басылымдарда – 2 мақала; Шетелдік конференция материалдарында – 3 тезис жарық көрген.</p>
6	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	<p>Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге <b>негізделген</b>/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген.</p>	<p>Зерттеу нәтижелерін автор алуан, әрі жаңашыл статистикалық өңдеуді пайдалана отырып талдады.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Жағдай дәлелденді ме? <b>1) дәлелденген;</b> 2) шамамен дәлелденген; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиалды ма? 1) иә;</p>	<p>Қорғауға 3 негізгі ереже енгізілді: 1. SF-36 сауалнамасының қазақша нұсқасын біріншілік медициналық-санитариялық көмек көрсетуші медициналық мекемелердегі қолдану аясын кеңейту арқылы, скрининг, динамикалық бақылау, жоспарлы жатқызу мен дәрігерлік кеңеске жүгінген науқастардың өмір сүру сапасының физикалық және психикалық компоненттілігіне негізделген айнымалыларына байланысты деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.</p>

		<p><b>2) жоқ</b> 7.3 Жаңа ма? <b>1) иә;</b> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі 1) тар; 2) орташа; <b>3) кең</b> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>1) иә;</b> 2) жоқ.</p>	<p>2. Халықаралық деңгейде мойындалған SCORE, PROCAM және Framingham қауіптілік шкалаларының жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіптілігін анықтаудағы диагностикалық құндылық санаттарына қарай, денсаулық сақтау саласындағы алгоритмдер, хаттамалар мен алдын алу шараларында қолдануға болатын көмекші құралдар ретіндегі мәртебелігін көтеруге мүмкіндік береді.</p> <p>3. Жүрек-қан тамыр ауруларының негізгі қауіп факторлары мен Framingham шкаласына сай қауіптілік көрсеткіштеріне байланысты предиабет пен анықталмаған қант диабеті бойынша кластеризациялық бөлінудің қарапайым жолдарын құру арқылы кластерлер құрамын анықтап, емдік-профилактикалық шаралардың ұйымдастырылу үрдістерін оңтайландыру жолында әдістемелік нұсқаулық ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.</p> <p>Қолдану деңгейі кең, себебі қазіргі таңда ересек тұрғындар арасындағы кардиологиялық және эндокринологиялық тұрғыдан мәселелерін шешу үшін оқу құралдарының жаңашылдықтарға мұқтаждығы байқалады.</p> <p>Қорғауға шығарылатын барлық 3 ереже импакт-факторы жоғары рецензияланатын халықаралық журналдарда, және ҚРБЖҒСБК ұсынған басылымдарда публикацияланған валидизирленген, дәлелденген ғылыми жариялынымдар болып табылады.</p>
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдістеме егжей-тегжейлі сипатталған <b>1) иә;</b> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері 9 ғылыми жарияланған жұмыста толық қамтылған, оның ішінде: 2 мақала Scopus-те индекстелген басылымда; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала; Халықаралық конференциялар жинақтарында 3 тезис (оның ішінде 2 шетелдік); 1 авторлық құқық

			жарияланды.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: <b>1) иә;</b> 2) жоқ.	Алынған зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңделуі SPSS 29.0, STATA, MATLAB және Python бағдарламалық пакеттерінің лицензияланған нұсқалары арқылы жүзеге асырылды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): <b>1) иә;</b> 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық тұжырымдары ретро-проспективті обсервациондық зерттеу дизайнына сәйкес негізделген. Диссертациялық жұмысты сараптау барысында туындаған сұрақтар дер кезінде нақтыланып, дисертанттың алған нәтижелерімен дәлелденді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>1) расталған;</b> 2) ішінара расталған; 3) расталмаған.	Әрбір ғылыми мәлімдеме баспа басылымына сілтемемен көрсетілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін <b>жеткілікті/жеткіліксіз.</b>	Қолданылған әдебиеттер саны 288, оның 16-сы отындық ғалымдардың ғылыми еңбектері болып табылады және бұл әдеби шолу үшін жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принциптері	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) иә;</b> 2) жоқ.	Ғылыми жұмыс шеңберінде заманауи зерттеу нәтижесінде маңызды механизмдердің теориялық құндылығымен түсіндіріледі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы <b>1) иә;</b> 2) жоқ.	Автор ұсынған практикалық ұсыныстар өзекті және тәжірибеде қолдануға әбден жарамды.
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b>	Қолданыстағы хаттамаға сәйкес жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының қауіптілік дәрежесін шкалалардың

		<p>2) ішінара жаңа (25%-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан кем жаңа).</p>	<p>көмегімен анықтаудың қарапайым мүмкіндіктерін табу, өмір сүру сапасы мен диабеттік статустың сыныптануына байланысты «шоғырлану» принциптерін анықтауды қосымша критерий ретінде қарастыруға мүмкіндікті туғызады.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p><b>Академиялық жазудың сапасы:</b> <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жазылған. Ұсынылған диссертацияда грамматикалық және стилистикалық қателіктердің орын алуына қарамастан, диссертант академиялық адалдық құндылықтарын және академиялық адалдық принциптерін толық ұстанған. Айтылған грамматикалық және стилистикалық қателіктерге ескертулер диссертация мазмұнына деген пікірді өзгертпейді, және диссертациялық жұмыстың оң жақтарын төмендетпейді.</p> <p>Сонымен, зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығын ескере отырып, Саруаров Ерболат Ғалымжанұлының «Түркістан қаласы тұрғындарының жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары бойынша қауіптілік көрсеткішіне байланысты өмір сүру сапасының бағалану деңгейі» атты диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және 8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>

«Астана Медицина Университеті» КеАҚ, Академик Е.Д. Дәленов атындағы  
профилактикалық медицина ғылыми зерттеу институтының директоры,  
медицина ғылымдарының кандидаты, профессор \_\_\_\_\_

Абдулдаева Айгуль Абдулдаевна

